

**КМҚК «Мерей» бөбекжай балабақша базасындағы балабақшамен
қамтылмаған балаларға арналған АҚП жұмысы туралы есеп.
(2022-2023) оқу жылы**

2022-2023 оқу жылында балабақшамен қамтылмаған балаларға және олардың ата-аналарына консультациялық пункт өз қызметін жалғастырды. Консультациялық пункттің жұмысы туралы ақпаратты сайтқа әлеуметтік желілерге, бұқаралық ақпарат құралдарына орналастырылды. Консультациялық пункт жұмысын ұйымдастыру бойынша бұйрық шығарылып, жауапты мамандар бекітілді. Жауапты мамандар Наурызбаева Б.Т әдіскер, Насипова Л.Д психолог, Мурзагалиева С.Е тіл маманы, Теміртасова Ж.Б медбике, Некишина Л.А саз жетекшісі, Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға көмек көрсету бойынша жұмыс жоспары әзірленіп, мамандардың жұмыс істеу кестесі бекітілді. Жоспарға сай жұмыс түрлері жүргізілді. Қыркүйек айында «Кел танысайық» ата-аналарды консультативтік пунктке шақыру мақсатында балабақша психологы Насипова Л.Д кеңес жүргізді. «Педагогтердің ата-аналарымен тиімді қарым-қатынас жасауға дайындығын талдау» мақсатында әдіскер Наурызбаева Б.Т педагогтерге сауалнама жүргізіп, қорытындысымен таныстырды. Қараша айында «Балаңызға дұрыс тыныс алуды үйретіңіз» тақырыбында ата-аналарға медбике Теміртасова Ж.Б кеңес берді. Жедтоқсан айында Қолдың ұсақ саусақ маторикасын дамытуға арналған ойын түрлерін психолог Насипова Л.Д балаларға жүргізіп көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Қаңтар айында «Бірге ойнау көңілді» қимылдық ойындарды саз жетекші Никешена Л.А ұйымдастырды. Сәуір айында «Ойын арқылы мектепке дайындық» танымдық ойындарды балабақша психологы Насипова Л.Д өткізді. Жазда белсенді демалысты ұйымдастыру мақсатында балабақша әдіскері Наурызбаева Б.Т кеңес берді. Бұл өткізген әрбір жұмыс өз нәтижесін берді, балабақшаға келмейтін балалардың қызығушылықтаары артты. Консультациялық пункт жұмысы жалғасын табады.